

І ТУЫ

КОМИТЕТИНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ПРОПАГАНДА ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТИНІҢ ГАЗЕТИ

март Жексенбі

Шығуына 33 жыл
жеке саны 20 тыйын.

Ленин-Сталин партиясының басшылығымен Қазақстан еңбекшілерінің 1952 жылға арналған халық шаруашылығы жоспарын және мемлекеттік бюджетін орындау жолында аянбай еңбек етіп, елімізде коммунизм құрылысы ісіне өздерінің келелі үлесін қосатындығы, сөйтіп, партиямыз бен үкметімізге және сүйікті көсеміміз Сталин жолдасқа сүйіспеншілігі мен берілгендігін тағы да айқын көрсететіндігі сөзсіз.

ҚАЗАҚ ССР Жоғарғы Советінің мәжлістері

1952 жылғы
март айында
Т. Шәукенбаев

Қазақ Советтік Социалистік Республикасының 1952 жылға арналған Мемлекеттік бюджеті туралы

ЗАҢ

Қазақ Советтік Социалистік Республикасының Жоғарғы Советі қаулы етеді:

1. Қазақ ССР Министрлер Советі ұсынған, Қазақ Советтік Социалистік Республикасының 1952 жылға арналған Мемлекеттік бюджеті бюджет комиссиясының баяндамасы бойынша қабылданған өзгерістерімен қоса, атап айтқанда: барлық кірісі 4.469.344 мың сом, барлық шығысы 4.427.499 мың сом, кірісі шығысынан 41.845 мың сом артық болып, республикалық және жергілікті бюджеттердің 1953 жылғы 1 январьға ауысатын қалдық бюджет қаржысы 132.825 мың сом болып бекітілсін.

2. Осы Заңның 1-статьясына сәйкес, 1952 жылға арналған Қазақ ССР-нің республикалық бюджеті мынадай мөлшерде бекітілсін: кірісі — 3.862.126 мың сом, шығысы 3.820.281 мың сом, кірісі шығысынан 41.845 мың сом артық және 1953 жылдың 1 январьына ауысатын қалдық бюджет қаржысы 22.527 мың сом.

3. Облыстардың 1952 жылғы бюджеті мынадай мөлшерде бекітілсін:

(Мың сом есебімен)

Алматы облысы	121.467
Ақмола облысы	132.283
Ақтөбе облысы	126.976
Шығыс Қазақстан облысы	189.157
Гурьев облысы	105.025
Жамбыл облысы	130.671
Батыс Қазақстан облысы	132.986
Қарағанды облысы	239.736
Қызылорда облысы	97.408

елесін — Қазақ ССР Президиумының Указы талқы-мәселе жөнінде Қазақ Республикасының Президиумының Б. Бейсенов баянда-

рғы Советі Қазақ Республикасының (негізгі заңы-статьяларын өзгерту туралы Заңды бірауыз-

ғы Совет Қазақ ССР Президиумының мына-уыздан бекітті:

Т. Шәукенбаев жолдас-Министрлер Советінің тағайындау туралы:

Т. Шәукенбаев жолдас-Министрлер Советінің тағайындау туралы:

Т. Шәукенбаев жолдас-Министрлер Советінің тағайындау туралы:

Т. Шәукенбаев жолдас-Министрлер Советінің тағайындау туралы:

Т. Шәукенбаев жолдасы Қазақ ССР Мемлекеттік Жоспарлау комиссиясының Председателі етіп тағайындау жөніндегі Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Указын бекіту туралы

Қазақ Советтік Социалистік Республикасының Жоғарғы Советі қаулы етеді: Тарбай Шәукенбаев жолдасы Қазақ ССР Мемлекеттік Жоспарлау комиссиясының Председателі етіп тағайындау туралы Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының 1952 жылғы 5 январьдағы Указы бекітілсін.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі Д. КЕРІМБАЕВ.
Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Секретары Ә. ӘМРИЕВ.

Алматы қаласы, 28 март, 1952 жыл.

А. С. Мәмбетов жолдасы Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы мүшесінің міндетінен босату туралы

Қазақ Советтік Социалистік Республикасының Жоғарғы Советі қаулы етеді: Ахмет Смағұлұлы Мәмбетов жолдас Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы Министрі болып тағайындалуына байланысты, А. С. Мәмбетов жолдас Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы мүшесінің міндетінен босатылсын.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі Д. КЕРІМБАЕВ.
Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Секретары Ә. ӘМРИЕВ.

Алматы қаласы, 28 март, 1952 жыл.

„Қазақ ССР жерінде қолданылып отырған қылмыс заңдарының 193-7 статьясының „б“ тармағын өзгерту туралы“ Қазақ ССР Жоғарғы Советі

сөйлеген депутат **Ж. Тәшеновтың** ұсынысы бойынша Қазақ ССР Жоғарғы Советі Қазақ ССР Жоғарғы Сотын бірауыздан сайлады.

Қазақ ССР Жоғарғы Сотының Председателі болып **Әбірахман Досанов** жолдас сайланды.

Ақтөбе, Солтүстік Қазақстан, Көкшетау, Павлодар және Шығыс Қазақстан облыстарының бір топ депутаттары атынан сөз сөйлеген депутат **Қ. Оспановтың** ұсынысы бойынша Қазақ ССР Жоғарғы Советі Қазақ ССР Жоғарғы Сотының халық заседательдерін бірауыздан сайлады.

Бұдан соң Жоғарғы Совет күн тәрті-

дықорған және Қостанай облыстарының бір топ депутаттары атынан сөз сөйлеген депутат **Х. Бақауовтың** ұсынысы бойынша Қазақ ССР Жоғарғы Советі Жамбыл облысы, Жамбыл -Қант заводы сайлау округінен депутат—Сергей Яковлевич **Яковлев** жолдасы Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының мүшелігіне сайлады.

Сессияға қатысушылар ұзаққа созылған ду қолнапалақтау үстінде **И. В. Сталин** жолдасқа құттықтау қабылдады. Председательдің етуші —Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Председателі депутат **Ғ. Ш. Қаржаубаев** Қазақ ССР Жоғарғы Советінің екінші сессиясын жабық деп жариялады.

Е. Б. Тайбеков жолдасы Қазақ ССР Министрлер Советінің Председателі етіп тағайындау жөніндегі Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Указын бекіту туралы

Қазақ Советтік Социалистік Республикасының Жоғарғы Советі **қаулы етеді:** Елубай Базымұлы **Тайбеков** жолдасы Қазақ ССР Министрлер Советінің Председателі етіп тағайындау туралы Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының 1951 жылғы 28 сентябрдегі Указы бекітілсін.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі **Д. КЕРІМБАЕВ.**

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Секретары **Ә. ӘМРИЕВ.**

Алматы қаласы, 28 март, 1952 жыл.

Қазақ ССР Министрлерін тағайындау жөніндегі Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Указдарын бекіту туралы

Қазақ Советтік Социалистік Республикасының Жоғарғы Советі Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының мына Указдарын бекітуге **қаулы етеді:**

Төлебаев Төлепбергелді Қазақ ССР Финанс Министрі етіп тағайындау туралы;

Фитин Павел Михайловичті Қазақ ССР Мемлекеттік Хауіпеіздік Министрі етіп тағайындау туралы;

Мәмбетов Ахмет Смағұлұлы Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы Министрі етіп тағайындау туралы;

Сұлтанов Қылышбайды Қазақ ССР Юстиция Министрі етіп тағайындау туралы;

Дауылбаев Ахмет Дәкішұлы Қазақ ССР Су шаруашылығы Министрі етіп тағайындау туралы.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі **Д. КЕРІМБАЕВ.**

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Секретары **Ә. ӘМРИЕВ.**

Алматы қаласы, 28 март, 1952 жыл.

Алматы қаласы

43.356

Барлығы

1.811.328

6. Жалпы одақтық Мемлекеттік салықтар мен кірістерден облыс бюджеттеріне берілетін үлес 1952 жылға мынадай мөлшерде белгіленсін:

а) Барлық облыстар бойынша колхоздардан жыйналатын табыс салығының түсімінен 25 процент,

б) барлық облыстар бойынша колхозшылардан және жеке шаруалар шаруашылықтарынан алынатын ауылшаруашылық салықтарынан және машина-трактор станцияларының кірістерінен 15 процент.

в) халықтан жыйналатын табыс салығынан:

Алматы, Ақмола, Ақтөбе, Гурьев, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қызылорда, Көкшетау, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Семей, Талдықорған, Оңтүстік Қазақстан облыстары бойынша 25 процент.

Қарағанды және Шығыс Қазақстан облыстары бойынша 15 процент

Алматы қаласы бойынша 10 процент.

г) барлық облыстар бойынша жеке шаруалар шаруашылықтарындағы жылқыларға түсетін салық түсімінен 75 процент.

д) халық арасында таратылған Мемлекеттік заем сомасынан:

Алматы, Ақмола, Ақтөбе, Шығыс Қазақстан, Гурьев, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қызылорда, Көкшетау, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Семей, Оңтүстік Қазақстан, Талдықорған облыстары бойынша 50 процент.

Қарағанды облысы бойынша 30 процент.

Алматы қаласы бойынша 10 процент.

е) ССРО-ның бойдақ, жалғыз басты және семьясы аз азаматтарынан алынатын салықтың түсімінен:

Алматы, Ақмола, Ақтөбе, Гурьев, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қызылорда, Көкшетау, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Семей, Талдықорған және Оңтүстік Қазақстан облыстары бойынша 50 процент.

Шығыс Қазақстан және Қарағанды облыстары бойынша 25 процент.

Алматы қаласы бойынша 10 процент.

ж) барлық облыстар бойынша орман шаруашылығынан түсетін кірістен 50 процент.

7. Қазақ ССР Министрлер Советіне 1952 жылға облыс бюджеттеріне оборот салығынан үлес бөлу процентін тағайындау тапсырылсын.

8. Қазақ ССР-нің 1950 жылғы Мемлекеттік бюджетінің орындалуы туралы есеп мынадай мөлшерде бекітілсін: кірісі—4.034757 мың сом, шығысы 3.936719 мың сом, кірісі шығысынан 98 миллион 38 мың сом артық.

**Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының
Председателі Д. КЕРІМБАЕВ.**

**Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының
Секретары Ә. ӘМРИЕВ.**

Алматы қаласы, 28 март 1952 жыл.

Қазақ
Жамбыл
Яковлевич
болып сайл

Қазақ
Қазақ

Алматы

Қазақ
заңы

1. 1951 ж
ССР Жоғарғы
«Қазақ ССР
мының құрам
былдануына
Конституцияс
ладай өзгеріс
тельдің екі о
орынына «пре
ры» деген сө
мынадай реда

«29-статья.
веті Қазақ СС
зидиумын сай
Қазақ ССР Ж
ның Председа
орынбасары,
және Қазақ С
зидиумының

2. Қазақ С
диумының 19
«Киноландыру
бекшілер депу
терінің атқару
тізіміне енгізу
сін.

Бұған сәйке

Қазақ СС
Қазақ СС

Алматы

28 март

ықтар

ық қалдықтар орын тебуда

ағылдардың өздерінің істеуде. Мәбек деген ылдық мектегі Күсәй, Мәмековке отырғандай ауылмаған. Фельдты қараң, ата-аналар қолатпаған. е оған ешқандай салдары тағылық бір шара

орындауына бақылау тағайындалмайды. Жұмыстың мақсатты түрде жүргізілмеуі қателіктердің байқалмай, өрши беруіне, ол қателіктерді көрсе де көрмеуге тырысып, бүркемелеуге, коммунистердің қырағылығының әлсіреуіне әкеліп соғуда.

Халық соттарының сайлауынан кейін үгіт коллективтерінің жұмысы тоқтап қалды. Мұнда үгітшінің үнін естімейсіз, жауынгерлік листокті көрмейсіз. Қашан лекция оқылып, баяндама жасалғандығын колхозшылар әлде қашан ұмытқан. Ол лекциялар мен баяндамалардың өзі тақырып жағынан бүгінгі талаптарға сай емес. Туып отырған жағдайға байлаңысты мәселелерді батыл және принципшілдік жағдайда көтеретін лекциялар мен баяндамалар болған жоқ.

Аудандық партия комитеті ауылшаруашылық артеліндегі істің жайын білмейді дей алмаймыз. Ендеше, ол жағдайды біле тұрып, феодалдық-байшылық қалдықтарға қарсы шешуші күрес жүргізеу — ондай қылықтардың өрши беруіне мүмкіншілік туғызу деген сөз. Аудандық партия комитеті коммунистердің дабылдарына да жеткілікті дәрежеде күлақ аспайды. Соңғы партия жыйналыстарының біріне аудандық партия комитетінің секретарьлары Макаров және Амантаев жолдастар қатынасты. Коммунистердің сөзінен оларға көптеген фактілер мәлім болды. Қабылданған қарарда «...феодалдық байшылық қалдықтарға қарсы күрес жүргізу жөнінде еңбекшілер үшін лекциялар мен баяндамалар ұйымдастырылсын» делінген. Бірақ, аудандық комитеттің секретарьлары бұған жете-назар аудармады, белгіленген шараның орындалуына көмектеспеді. Ал, басшылардың фактіні еске алғанынан ешбір пайда жоқ ғой.

Аудандық партия комитетінің ауылшаруашылық бөлімінің меңгерушісі Пчельников жолдас колхозда жәлі және ұзақ



Запорожье. Оңтүстік Украина каналының құрылысшылары үшін салынған жаңа үйлер.

Суретті түсірген А. Красовский.

(СОТА-ның фотохроникасы).

Оқытушылар даярлаудың сапасын жақсарту береміз

БК(б)Ш Орталық Комитеті мен КК(б)Ш Орталық Комитетінің қаулыларын және тіл ғылымы мәселесі жөніндегі Сталин жолдастың тарихи еңбектерін басшылыққа ала отырып, оқу-тәрбие жұмыстарында институтымыз айтарлықтай табыстарға ие болды. Қысқы емтихан сессиясы кезінде студенттердің көпшілігі өздерінің білімі қанағаттанарлық екендігін көрсетті. 25 студент емтиханды өте жақсы деген бағамен, ал, барлық студенттердің 86 проценті өте жақсы және жақсы деген бағамен тапсырды.

Емтихан басталғанға дейін барлық

ұйымдардың жұмысында біраз кемшілік болғандығын сипаттайды.

Педагогика, ертедегі дүние тарихы, орыс тілі және методика пәндері бойынша сабақ беру үнемі идеялық жоғары дәрежеде жүргізілмей келеді. Физика-математика пәндерінен сабақ бергенде теориялық күресті өмірден, тәжірибеден бөліп тастаушылық та байқалмай қалған жоқ.

Бізге әлі күнге дейін барлық кафедраларда сын мен өзара сын өз дәрежесінде өрістетілмей келеді. Демек, әсіресе, педагогика, жаратылыстану, физика және математика кафедраларында кемшіліктерге сәйкесінше жасау жиі кездеседі.

Кореядағы оқыйғалар

ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ БАС КОМАНДОВАНИЕСІНІҢ ХАБАРЫ

ПХЕНЬЯН, 28 март. (СОТА). Корея Халық-Демократиялық Республикасы Халық армиясы Бас командованиясінің бүгінгі берген хабарында Халық армиясы құрамаларының қытайлық халық еріктілері бөлімдерімен тығыз байланыса қыймыл жасай отырып, жауға қарсы қорғаныс ұрыстарын жүргізгендігі айтылады.

Шығыс майданда жаудың бөлімдері танктердің және артиллерияның қолдауымен бірнеше рет сәтсіз болған атақаларға шықты, ол атақалар атака жасаушылардың үлкен шығындарға ұшыратылуымен тойтарылды.

Халық армиясының бөлімдері 27 мартта шығыс жағалау ауданында Вонсонға таяу жердегі суға өткен жаудың кемелеріне қарсы нәсерлете артиллерия оғын жаудырды.

Бүгін Халық армиясының зенит бөлімдері Вонсан ауданына шабуылға қатысқан жау самолеттерінің ішінен үш самолетті атып түсірді.

Франко Испаниясындағы террорға қарсы Англиядағы наразылық

ЛОНДОН, 28 март. (СОТА). Кеше рес-публикалық Испания достарының англиялық қоғамы мен республикалық Испанияға көмектің англиялық жастар комитеті кәсіподақтары қайраткерлеріне франкылық өкімет орындарының төзгісіз қысым жасауына қарсы наразылық білдіру ретінде демонстрация ұйымдастырды.

Болған митингке қарар қабылданды, митингке сайланған делегация бұл қарарды франкылық елшілікке тапсырды.

«Митингіге жыйналған, біз, Лондонның тұрғын адамдары,—делінеді қарарда,—14 мартта Испанияда бес кәсіподақ қайраткерлерін атуға қарсы нағыз батыл наразылық білдіреміз. Патриоттарға болып жатқан және Ла-Корунья мен Виторияда болатын процестер Лопес Раймондтың және Барселона жаппай ереуілінің басқа басшыларының өміріне қандай үлкен қатер төніп тұрғандығын тағы да дәлелдейді. Біз бұл испан демократтарының дереу босатылуын және келешекте оларға қарсы ешқандай қысымшылық жасалмауын талап етеміз».

қысымының салдарынан Рәзия оқуды үлгере алмауға айналды, ақыры ол бірінші курстан кейін оқудан шығып қалды. Ауылына келген Рәзияны туғандары 1951 жылдың жазында Сердәлі Қасеновқа қосты, ал, Сердәлі қазір Петропавл қаласындағы № 5 қазақ орта мектебінің 10 класында оқып жүр. Сердәлі Қасенов — комсомолец, бірақ оның көзқарасы совет жастарының көзқарасынан әлде қайда алшақ. Ол әйеліне күң ретінде қарайды, өзінің айтуынша, ол әке-шешесінің жұмысын істейтін әйел тауып беру үшін ғана үйленген. Үйленгендіктері жөнінде селолық Советтің тіркемейтінін білген ол некелерін моллаға қыйдыруға дейін барған.

«Жаңа тұрмыс» колхозында мұндай жағдайдың асқынғандығы сонша, Омбы облысынан келген «бақсылар» ауылды еркін жайлауға айналған. Олардың кім екендігін, не істеп жүргендігін ауданда

Зерт орындары мұндай кеселді ықпалдың көзін ашып, қылмыс істеген кінәлілерді және оларды қорғаушыларды жазадауға тиіс. О. Жанпейісов пен Б. Елеусовтың тағы басқаларының «әрекеттерінің» байқалмай калуына жол беруге болмайды.

Совет қоғамына жат қылықтардың Конюхов ауданында орын тебу себебі не, бұған дейін орын теуіп келген феодалдық-байшылық қалдықтардан неге арылмайды деген сұрақ өзінен-өзі орынды туады.

Бастауыш партия ұйымы колхозшылар арасындағы саяси-бұқаралық жұмысқа қанағаттанғысыз басшылық жасайды. Коммунистер инициатива көрсетпейді, шараларды талқылағанда кемшіліктерге жол берген адамдарды батыл сынамайды, жалтақтық жасайды. Партия ұйымы жұмысының жоспарлары жасалмайды. Қабылданған қарарлардың

кең. Ал, колхозшылар оларды әшкерелеуге жасқанады, ауылшаруашылық артелінің Уставын бұрмалаушылар жөнінде ыштынара айтып та қояды. Бірақ, бастауыш партия ұйымының секретары Қырдырмин жолдас бұған да құлақ аспай жүр. Адамдарды алда тұрған міндеттерді орындауға жұмылдыру жөнінде ешбір тәрбие жұмыстарының жүргізілмеуі қоғамдық шаруашылықтың әркендеуін баяулатып отыр.

Конюхов аудандық партия комитеті феодалдық-байшылық қалдықтарға қарсы дереу және шешуші шаралар қолдануы, бұл істе принципсіздікті жоюы және ауыл-село еңбекшілері арасындағы саяси-бұқаралық жұмысты мейлінше жақсартуы керек.

**С. АЛЬБАНСКИЙ,
М. НУРГОЖИН.**

(«Ленинское знамя» мен «Ленин туы» ның арнаулы тілшілері).

Қозыларды шығынсыз өсірейік

Жаппай төл алу маусымы басталды. Бұл — мал шаруашылығындағы аса жауапты кезең. Қоғамдық өнімді мал шаруашылығын өркендету жөнінде партиямыз бен үкметіміз алға қойып отырған күрделі міндеттерді мінсіз жүзеге асыру ең алдымен, төл алу маусымын үлгілі өткізіп, төлді шығынсыз өсіруге байланысты.

Облысымыздың алдыңғы қатарлы колхоздарының шопандары бұл науқанға тыңғылықты әзірлікпен кірісті. Осының нәтижесінде олар қойды аман қоздатып, қозыларды шығынсыз өсіріп келеді. Мамлют ауданындағы «Сталинец» қой фермасының шопандары төл алу жөнінде көзірдің өзінде жоғары көрсеткіштерге жетіп отыр.

Жаппай төл алу маусымы Приешім ауданының «Образцовый» колхозында да ойдағыдай басталды.

Бірақ, істің жайы барлық колхоздарда

бірдей жоғары дәрежеде деп айта алмаймыз. Бірқатар колхоздар қозы алу маусымына әзірліксіз кірісті. Олардың көпшілігінде төл үй жеткілікті әзірленбеген. Сол сияқты, ішті малдар және төлдер үшін құнарлы жемшөп күнібұрын дайындалып, қоралар жанына тасылып алынбаған. Мұның өзі көзір, төл алу маусымының шешуші кезеңінде ішті малдардың күйінің төмендеуіне, осының салдарынан төлдің шығын болуына әкеліп соғып отыр. Алдағы уақытта төл алу ісіндегі мұндай кемшілікке төзуге тіпті болмайды. Сондықтан жергілікті партия, совет ұйымдары және колхоз басшылары, қой фермасының меңгерушілері төл алудағы мұндай төзгісіз кемшілікті дереу жойып, оны барлық жағынан үлгілі өткізуге жетісуге тиіс.

Төл алуға тәжірибелі шопандарды бөлу керек. Оларға қоздаған және қоздайтын қойларды, сол сияқты, төлдерді

ұдайы жақсы күтімде ұстау міндеті жүктелуге тиіс. Бұл жағдайда қоздамаған қойлар бір жүйе, қоздайтын қойлар бір жүйе күтімге алынуы керек. Осыған сәйкес оларға қажетті концентратты азық зоотехникалық, мал дәрігерлік ережелерге сәйкес беріліп отырысын. Осы сияқты, алынған қозыларды да өсуіне қарай арнаулы төл үйде бөлек-бөлек күту керек. Жаңа туған қозылардың тез марқаюы үшін оларды туысымен жемге үйретудің зор маңызы бар.

Тек осы шарттар мінсіз жүзеге асырылғанда ғана қозыларды шығынсыз өсіруге болады. Мұны шопандар мықтал ескеріп, қозыларды тыңғылықты күтімге алуға, сөйтіп, олардың бірде-біреуін жүдетпей, шығынға ұшыратпай өсіруге жетісуге тиіс.

Б. ГМЫЗИН.

облыстық ауылшаруашылық басқармасының зоотехнигі.

Бүкілодақтың ауылшаруашылық көрмесіне кандидат

Совет ауданының аңшысы Ефим Никитович Онучин облыстағы таңдаулы аңшылардың бірі. Ол қазір 61 жаста. Бірақ, жасының ұлғайғандығына қарамастан ол 1951 жылы 15 қасқыр соғып, олардың терілерін дайындау орнына тапсырды. Сөйтіп көптеген қасқыр інін жойып жіберді. Бұл еңбегі үшін Онучин жолдас бір мың сом ақшалай сыйлық алды және Бүкілодақтық ауыл

шаруашылығы көрмесіне кандидат болып тіркелді. Полудень, Приешім ауданының ауылшаруашылығының орташы, Пересветкин, І. Көптеген қасқыр інін сөйтіп, дайындау орын тапсыру жөнінде быстарға не болды

Қаржы жыйнау жоспарын орында

Облыстық сауда банкінің мекемесі 1951 жылы барлық системалар және барлық түрлері бойынша қаржы жыйнау жоспарын 115,9 процент, оның ішінде кооперациялар бойынша 116,1 процент, мемлекеттік ұйымдар бойынша 113,9 процент орындады.

Берілген қарыздар бойынша жыл ая-

ғына дейін сауда банкіне қарыз берілген қарызы болмауына 1951 жылдың төртінші кварталында социалистік жарыста Петропавлдың сәттіліктері үшін Бүкілодақтық ауылшаруашылық банктің барлық қаржылық еңбекақы мөлшері берілді.

Жел двигателі

1952 жылға алынған социалистік міндеттеме бойынша мал фермаларындағы ауыр жұмыстарды механикаландыру үшін Конюхов ауданының 5 колхозында жел двигателі орнатылуға тиіс. Осыған байланысты көзір колхоздар жел двигате-

ліні сатып ала бастады. «Ленинское знамя», «Колос» және «Мичурин» атындағы колхоздар өзінде жел двигателі орнатуға дайын жүргізіп жатыр.

Редакцияға хат

Мәдениет орындары болса

Ленин атындағы колхоз Октябрь ауданындағы ірі ауылшаруашылық артельдерінің бірі. Колхоздың қоғамдық дәулеті артумен бірге, колхозшылардың әл-ауқат күйі жақсарып, мәдени дәрежесі өсе түсуде.

Бірақ, колхоз басшылары колхозшылардың мәдениет мәселесі жөнінде қойған талаптарын орындауды әлі күнге еске алмай келеді. Колхозда кітапхана, клуб,

монша жоқтың қасы. № 2 бригадаларының шырлар жыл бойына көрген емес, не көрмеген. Өйткені, колхозда қысқа уақыт беретін орын жоқ. Колхоз басқармасының қаржысына қолға

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редакция — 1-87, редакторлар бұрысы — 1-88, редакторлар бұрысы — 1-89, редакторлар бұрысы — 1-90, редакторлар бұрысы — 1-91, редакторлар бұрысы — 1-92, редакторлар бұрысы — 1-93, редакторлар бұрысы — 1-94, редакторлар бұрысы — 1-95, редакторлар бұрысы — 1-96, редакторлар бұрысы — 1-97, редакторлар бұрысы — 1-98, редакторлар бұрысы — 1-99, редакторлар бұрысы — 1-100. Газет баспасы — 0-22, газет табыс